

**Сандықтау ауданының аумағында тұратын, нысаналы топтарға жататын тұлғалардың 2011 жылға арналған қосымша тізбесін белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Сандықтау ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 28 желтоқсандағы А-12/349 қаулысы. Ақмола облысы Сандықтау аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 19 қаңтарда № 1-16-119 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 11 сәуірдегі № 04-14/421 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 11.04.2013 № 04-14/421 хатымен).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабына және 7 бабының 2 тармақшасына сәйкес, Сандықтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Сандықтау ауданының аумағында тұратын, нысаналы топтарға жататын тұлғалардың 2011 жылға арналған қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) ұзақ уақыт жұмыс істемейтіндер (бір жылдан астам);
- 2) жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастағы жастар;

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары **Ә. Қ. Қазизоваға** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Сандықтау ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сандықтау ауданының әкімі* **Қ. Сүйіндіков**